



**Егемен Қазақстан**

## Орта Азияның тұңғыш саяси әмірганты

Мұстафа Шоқай (Чокай, Чокаев, Чокай-оглы) – Ресейдегі және өзінің туған жері Қазақстандағы ең танымал тұлға, ғұмыры қысқа болған Түркістан автономиясының көшбасшысы. Қазақтың ақсүйек әuletінен шықкан Мұстафа Шоқай 1918 жылы жаңа билікті қабылдай алмай, 1921 жылдан 1941 жылға дейін Францияға қоныс аударып, сонда орнығады. Кеңес кезеңінде, 1930 жылдар мен 1940 жылдардың басында оған Германиядағы нацистік режиммен байланысып, ынтымақтастық орнатты деген айып тағылды.



Ал соңғы жылдары тарихшылар Қазақстан мен Тәжікстанда жүргізген зерттеулерінде Мұстафа Шоқайдың есімі тағылған айып пен кінәдан ада екенін дәлелдеп келеді. Қазақстан мен Францияда оған арнап орнатылған ес-

керткіштер – кейінгі ұрпақ тағымға лайық азаматтың өмірі мен қызметіне берген занды қорытынды мен жоғары баға.

### Өнегелі өмір беттері

1917-1921 жылдардағы Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, Түркістан Ұлттық Кеңесінің болашақ көшбасшысы Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда Сырдария өзеніндегі Әулие-Тараңғыл ауылында, Қазақстанның қазіргі Қызылорда облысының жерінде, көзі ашық ақсүйек отбасында дүниеге келген. Орыс мектебінде бастауыш білім алғып, 12 жасында Ташкент гимназиясында оқуын жалғастырып, оны алтын медальмен бітірген Мұстафа 1910 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетіне оқуға түседі.

Университет дипломын алғаннан кейін Мұстафа Шоқай 2 жыл Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясының хатшысы болып қызмет атқарады. Жас саясаткердің ең маңызды жетістігі Ташкенттегі Мемлекеттік Дума комиссиясының жұмысына қатысуы болды, нәтижесінде Комиссия басшысы Александр Керенский (Уақытша үкіметтің болашақ басшысы) патшалық Ресейде үлкен сұрақ тудырған Түркістан халқының жағдайы және адамдардың наразылығының себептері туралы баяндама жасады. Бұл құжатты дайындауда жас заңгер Мұстафа Шоқайдың да үлесі бар еді.

1917 жылы Ресей империясында революция болып, өзгерістер басталды. Большевиктер билікті басып алғаннан кейін Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясы құрылған Қоқанға қоныстанды, онда ол алдымен сыртқы істер департаментінің басшысы лауазымын атқарып, кейіннен автономияны басқарды. Түркістан автономиясының Кеңестік Ресей құрамына кіруін жақтаған Мұстафа Шоқай «қызылдар» үйімдастырған қанқұйлы қырғын басталғаннан кейін большевиктік режиммен ынтымақтастықтан бас тартып, Ташкентте жасырынады. Онда ол болашақ жары – Петербургтен шыққан ақсүйек Мария Горинамен танысады.

Большевиктердің қудалауынан жасырынып, 1919 жылдың көктемінен 1921 жылдың ақпанына дейін Мұстафа Шоқай Тифлисте тұрып, публицистикалық қызметпен айналысқан. Алайда большевиктер Закавказье демократиялық республикаларын құлатқаннан кейін, саясаткер үшін ең дұрыс шешім әмбиграция екені анық болады.

### Асыл азаматқа жала жүқпайды

Мұстафа Шоқайдың Франциядағы әмбиграцияда өткізген жиырма жылдың жарқын болғаны соншалық, оның БАҚ-тағы бейнесіне күйе жаққысы келгендер ол қатысқан талай іс-шара мен оқиғаның өнін айналдырып көрсетіп жатты. Олар, әсіресе, Мұстафа Шоқайдың 30-жылдардың аяғы мен 40-жылдардың басындағы әрекеттерін бүрмалап, толығымен түрлендіруге

тырысты. Жалған зерттеушілер оған тіпті Вермахт қүштерінің құрамында Түркістан легионын құру мен оны іс жүзінде жүзеге асыру идеясын таңған.

Дегенмен саяси эмигрантқа қастық ойлаушылдардың шабуылдарын келесі құжаттарға сүйене отырып, оңай теріске шығаруға болады: Түркістан легионын құру туралы бұйрықты Гитлер 1941 жылғы 22 желтоқсанда шығарды, ал фашистермен ынтымақтасудан бас тартқан Мұстафа Шоқай 1941 жылғы 27 желтоқсанда қайтыс болды (кей мәліметтер бойынша ол уланған).

Шоқайдың нацистермен бірігіп, Түркістан легионын құрғаны туралы тараған дақпырт сөзді 2000-жылдардың басында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің актау мәселелері жөніндегі арнайы комиссияның басшысы, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің полковнигі Әмірхан Бәкіров жоққа шығарды.

Ол 2004 жылғы 28 сәуірде «АиФ-Қазақстан» басылымында былай деп атап етті: «Мұстафа Шоқай туралы ашық баспасөздегі барлық материалдан басқа, мен Қазақстан Республикасы ҰҚҚ мұрағатындағы 40 томдық қылмыстық істі де талдап шықтым, онда оны «Отанға опасыздық жасады және фашистерге көмектесті» деп айыптаїды. Бұл айып Түркістан легионы үйіміна негізделген. Менің ойымша, қасіретпен танылған Түркістан ұлттық комитеті мен Түркістан легионын ол құрмаған, оларды Қызыл Армиямен күресуге де ол жіберген жоқ. Ол туралы не айтылса да, 1941-1944 жылдардағы Түркістан легионы мен комитетіне Шоқайдың ешқандай қатысы жоқ еді».

### Мұстафа Шоқай мен Ресей Федерациясы

Шоқайдың кеңес дәуірінің тарихшылары баяндаған өмірі мен қызметі ұлы тұлғаға арнайы тапсырыспен күйе жағуға тырысқандардың әрекетіне үқсайды. Кеңінен таралған жалған ақпараттарды бірнеше «автор» біреуді қаралаудың барлық ережесіне сай өндеп отырғандай, яғни олар мұрағаттан бір деректі алғып, шындықты бұрмалап, оны өтірікпен шебер көркемдеп жеткізген.

Шоқай бірде-бір мұрағат құжатында фашистердің Кеңес Одағын талқандауына шақырған емес. Санкт-Петербургте білім алғып, орыс және Еуропаның бірнеше тілін жетік менгерген Мұстафа Шоқай Қазақстанның болашағын көршілес Ресей мемлекетімен байланыстырған.

Соңғы жылдары Мұстафа Шоқайдың қызметін зерттеген тәуелсіз Қазақстан-ның тарихшылары анықтағандай, 1917 жылы 27 қарашада Түркістан автономиясы жарияланған Қоқанда өткен IV Өлке мұсылмандарының төтенше құрылтайында сөйлеген сөзінде Мұстафа Шоқай: «Қазіргі жағдайда толыққанды мемлекет құру оңай емес. Оған лайық кадр да, тәжірибе де, келешек автономияны қорғайтын қарулы күш те жоқ. Ресей қазір қаншалықты әлсіз болғанымен, ол бізден әлдеқайда қуатты. Біз Ресеймен достықта, бейбіт өмір сүруіміз керек. Осыған географиялық жағдайдың өзі еріксіз итермелейді».

Кейінгі жылдар көрсеткендегі, оның ішінде КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде де Қазақстанның Ресеймен одағы мен достығы мызғымастай берік болып қала берді.

### Қорытынды орнына

2020 жылдың қазан айында Өзбекстанда кеңестік кезеңдегі құғын-сүргін құрбандарының өмірі мен жағдайларын зерттеу мен олардың есімдерін мәңгі есте сақтау үшін респубикалық жұмыс тобы құрылды. Комиссияның жұмысы жарты жылдан астам уақытқа созылды және 2021 жылдың тамыз айының соңында Өзбекстанның Жоғарғы Соты ашық отырыста Орта Азиядағы басмашылар қозғалысының жетекшісі құрбашы Ибрагимбекті ақтау туралы шешім қабылдағаны белгілі болды. Тәуелсіз Өзбекстанның Жоғарғы Сотының осы шешіміне дейін кеңес дәуірінде Тәжікстан, Өзбекстан және Ауғанстан аумағындағы басмашылар қозғалысының жетекшісінің есімі кеңес өкіметінің жауларымен теңестірілген.

«Бұл тұлғаның тағдырында Орталық Азия халықтарының құрделі де қарама-қайшы тарихы

көрініс тапқан. Тәжікстанда, Өзбекстанда, Ауғанстанда Ибрагимбек біреу үшін жеккөрінішті баскесер, қатыгез әрі сауатсыз жауыз адам. Ал басқалары оны ұлттық батыр ретінде мақтан тұтып, есімін үлкен мақтанышпен айтады», деп жазды тарихшы Камолудин Абдуллаев.

Саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі қазір Қазақстанда да жүріп жатыр. Камолудин Абдуллаевтың түйіндеуінше, Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқайды Орта Азияның алғашқы саяси эмигранты деп атауға болады. Тәуелсіз Қазақстанда басып шығарылған болашақ тарих оқулықтарында оны дәл осылай атایтынына еш күмән жоқ.

Андрей ЗАХВАТОВ, саясаттанушы, публицист  
(Ресей)